

“Әлеуметтік желі” тақырыбында семинар сабақ өткізілді.

Жамбыл облысының мемлекеттік архивінде “Әлеуметтік желі” тақырыбында семинар сабақ өткізілді.

Жамбыл облысы мемлекеттік архиві қызметкерлерінің өзара тәжірибе алмасу, әр бөлімнің атқарып отырған жұмыстарын білу мақсатында өткізіліп жүрген семинар-сабақтың бүгінгі тақырыбы – Әлеуметтік желі жөнінде өтті.

Ғылыми-анықтамалық аппарат және құжаттарды жариялау бөлімінің қызметкерлері әлеуметтік желі бойынша жүргізген жұмыстарына тоқталып, тақырыптың мәні мен маңыздылығын түсіндірді.

